

## **Мұғалжар ауданы, Батпақкөл ауылдық округі, Жағабұлақ ауылында көше атауын қайта атау туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 8 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 4 тамызда N 3-9-68 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Жағабұлақ ауылы тұрғындарының конференциясы және аудандық ономастика комиссия отырысының 2008 жылғы 12 маусымдағы № 3 хаттамасының негізінде, Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімінің 24.03.2017 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Жағабұлақ ауылындағы Набережная көшесі Бірлік деп қайта аталсын.
2. Жағабұлақ ауылындағы Нефтянников көшесі Жастар деп қайта аталсын.
3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа он күнтізбелік күнінен кейін енгізіледі.

*Батпақкөл ауылдық  
округі әкімі:*

*Ж. Алданиязов*